

А 2016  
1747<sub>к</sub>

Жүрсін ЕРМАН

**КӨКТӨБЕДЕГІ  
КЕЗДЕСУЛЕР**





**Жүрсін ЕРМАН**

**КӨКТӨБЕДЕГІ  
КЕЗДЕСУЛЕР**

**ҚАЗАқпарат  
Алматы  
2010**

**E69**

**Ж. Ерман**

**Көктөбедегі кездесулер: ҚАЗАқпарат, Алматы.**

**– 126 б**

**ISBN-978-601-03-0079-8**

Қоғамның әр саласындағы белгілі қайраткерлермен сыр-сұхбаттар — кезінде теледидар арқылы жұртшылық назарына ұсынылған дүниелер. Қаламгер сұхбатқа тартқан кейіпкерлердің барлығы өз саласының көрнекті өкілі, сол себептен де бұл әңгімелерде тұщымды ойлар, тосын пікірлер ортаға салынады. Ашық-жарқын әңгіме оқырманды бей-жай қалдырмайды.

УДК 070

ББК 76.01

**ISBN 978-601-03-0079-8**

©Ж. Ерман, 2010

## А Л Ғ Ы С Ө З

2006 жылдың көктемінде, ойда жоқта, Қазақстан телерадио-корпорациясы Төрағасының орынбасары – Қазақ радиосының Бас директоры қызметіне келе қалдым. Корпорацияның бұрынғы басшылығы тұтастай кетті де, Төраға қызметіне менің ескі жолдасым, теледидарда талай жыл бірге қызмет атқарысқан Нұртілеу Иманғалиұлы тағайындалды. Жоғарғы жақтың бұл шешіміне наразы болған жүз отыз екі мыңға жуық теледидар иелері еріктерімен жұмысын кетіп қалды. Теледидар мен радионың күнделікті эфирін хабарлармен толтыру ақыретке айналды. Үйіңіздегі көк айна үнсіз қалса, не болушы еді. Радиоға талап-танып келген жас журналистерді күн сайын 10-15-тен жұмысқа алып жаттық. Теледидардың жағдайы аса қиын еді, өйткені теленің тілін білетін ұлттық кадрлер аз, оларды қызметке қабылдаған күннің өзінде, жаңа хабарларды дайындау үшін кемінде екі-үш ай уақыт керек. Оның үстіне, Қазақ теледидарынан жүріп жатқан бұрынғы жақсылы-жаманды хабарлардың зияткерлік меншік құқығы олардың авторларына бекітілген де, қызметтен кеткен ол авторлар өздерінің циклдарын жаңа адамдар жалғастырса, сотқа жүгініп, өтемақы талап ететіндерін жариялады. Экраннан беретін жаңа хабарлары таусылған жаңа төраға тығырыққа тірелді. Қиыншылықтан шығудың жолдарын жанталаса іздеген Нұртілеу маған ұсыныс жасады. Бұрын жазушы Жұмабай Шаштайұлы жүргізіп келген, ел назарындағы «Үзеңгі жолдас» хабарын әрі қарай жалғастыруым керек екен. Тек атын ғана өзгерту керек. Жаңа декорация жасауға уақыт тапшы. Келесі аптадан бастап эфирге шығуым керек.

Теледидарда ұзақ жыл қызмет етіп, тәжірибе жинаған менің қабілетіме төраға сенім артқанмен, Жұмабайдың елге танымал телехабарының өңін айналдырып тығырықтан шығуға менің дәтім бармады. Бір күннен кейін «Көктөбедегі кездесу» деген жаңа жобаны жасауды ұсындым. Ең бастысы декорация дайындаудың қажеті жоқ. Көктөбенің басы түсіру алаңы.

Тың идея. Осы аптадан бастап-ақ эфирге шыға беруге болады. Нұртілеу келісті. Осылайша, қоғамның әр саласындағы белгілі қайраткерлермен менің эфирдегі сұрақтарым басталып кетті. Көктөбенің басында ел жоқ кезде, кісі аяғы саябыр таңғы шақта түсіріп аламыз да, жексенбінің кешінде көрсете қоямыз.

Хабарға қатысушылардың барлығы өз саласының көрнекті өкілі, белгілі дәрежеде тұлға болғаннан кейін, жақсы ойлар, оқшау оқыс пікірлер ортаға салынды. Жұрт бізді күтіп отырып көретін болды. Лезде танымал болдық. Енді «Көктөбедегі кездесуге» сұранып келетіндер пайда болды. Кезекке тұра бастады. Радионың Бас директорының теледидардағы жетекші тұлғаға айналып бара жатқаны Корпорацияның басшылығына жақпады. Мұның соңы неге ұласатынын кім білсін деп қауіптенді. Сөйтіп, қысылғанда құтқарған жаңа жоба үш айға жетер жетпестен кенет жабылды. Маған осыны айтуға, себебін түсіндіруге басшылардың дәттері бармады. Мен де ешкімнің алдына барып жүгінбедім. Өтінді – орындадым. Тоқтатса тағы өздері білсін дедім. Абай ағамызша жобаласақ өз сөзім өзімдікі емес пе.

Бірақ, сол сұхбаттардың мазмұны өз кезеңінде қоғамдық пікірге ықпал еткенін ешкім жоққа шығара алмас. Сондықтан да, «Көктөбедегі кездесулердің» қағазға түсірілген мәтінін жариялауды жөн көрдім. Бір ғана ескертетінім, екеуара ауызша әңгіменің сөздерін көркемдеуді, икемдеуді қажет деп таппадым. Айтылған күйінде хатқа түсті. Дұрысы да сол секілді.

**Жүрсін ЕРМАН,**  
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**



# Асанәлі ӘШІМОВПЕН сұхбат



## ӨМІРБАЯН

1937 жылы 8 мамырда туғап.

1961 жылы Алматы Мемлекеттік Өнер институтын бітірді.

1961 жылдан «Қазақфильм» студиясында киноактер.

1964 жылы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрында актер болып қызметін ары қарай жалғастырады.

1991 жылдан бері «Елім-ай» кино өндірісі компаниясының президенті,

1976 жылы Қазақ КСР-нің,

1980 жылы КСРО халық әртісі атағын иемденді.

1972 жылы Қазақ КСР-ның мемлекеттік сыйлығын алды.

**Жүрсін Ерман:** – *Мен Көктөбедегі кездесуге қобіне өзім білетін, танытын, араласқан, сырласқан адамдарымды шақыруға тырысып келе жатырмын. Өйткені сыйласқан, сырласқан адамдармен сөйлесу менің өзіме де бір ганибет.*

*Бүгінгі кездесуге келіп тұрған адам – қазақ жұртының құжатты сияқты тұлға – Асанәлі ӘШІМОВ.*

**Ж.Е:** – *Ассалаумағалейкум, Асеке! Көктөбенің басына қош келдіңіз!*

**А.Ә:** – Молда бол!

**Ж.Е:** – *Сіз шетелге көп шығып жүрсіз ғой осы. Жапонияға бардыңыз ба?*

**А.Ә:** – Жапонияға бара алмай жүрмін. Өздерің арқылы бармасам.

**Ж.Е:** – *Оны сұрап тұрғаным «Көктөбе–Фудзияма» деген ұғым бар ғой. Сол Фудзияма деген тауды көрді ме екен деп сұрайын деген едім ғой.*

**А.Ә:** – Оны кинодан көрдік. Оны бізге көрсетті арнайы. Өйткені біз әлгі «Көктөбедегі кездесуде» ойнадық қой.

**Ж.Е:** – *Сіз ойнадыңыз ғой?*

**А.Ә:** – Ойнадық қой. Сонда Көктөбенің не екенін біліп қалдық. От и до.

**Ж.Е:** – *Мен кейде ойлаймын осы «Көктөбе» деген Жапонияда жоқ шығар. Соны біздің қазақтар ойлап тапқан шығар деп.*

**А.Ә:** – Жо-жоқ, бар, Фудзияма деген төбесі бар, біздің Көктөбеден төменірек. Онда қайбір тау бар дейсің, сол кішкене төбе. Сол өздері баяғыдан символикағып алған ғой.



Сол жерге шыққанда, енді, біздіңше айтқанда, әлгі мінәжат етіп, шындықты айтып, мешітке барғандай күй кешеді екен.

**Ж.Е:** – *Осы сізбен сөйлескенде әрине қазақ сахна оперінің, қазақ кино оперінің жай-күйін әңгіме етеміз. Кеше бір баспасөздің бетінде пікіріңіз жүр. «Айқын» деген газетте қысқа, шолақ айтқан екенсіз. Қазақ киносы құрып кетті, қазақ киносы кейін кетіп қалды, көгермей қалды деген сөздер бар. Осы жосындағы пікіріңізді таратыңыз деп айтсаңыз. Сіз не айта аласыз?*

**А.Ә:** – «Өнерді үйрен, үйрен де жирен!», – дейді. Тамыры тереңдегі нәрсе өнер. Өнердің негізі ұзақ ізденістен соң барып қаланған Сонда ғана сол адамның өнері терең болады. Сол сияқты кино. Бұл кеш келген өнер. Қазір қазақ киносы төңірегінде бірі бұлай, бірі олай деген алып қашпа сөздер бар. Мынау өтпелі дәуір өтті ғой. Қазір он бес жасар мемлекетпіз қайта көтерілу дәуіріндеміз. Сол кездері бір түсіңкіреп кеткен кездер болды. қайта көтерілу дәуірінде. Ойлаймын көтеріліп келе жатқан кез қазір. Осыған орай кішкентай да болса өсу дәуірі бар кинода.

**Ж.Е:** – *Қазір ме?*

**А.Ә:** – Иә, мен соған қуанамын.

**Ж.Е:** – *«Қазақфильм» кеше кеңестің кезінде, дәуірлен тұрған кездің өзінде бәлендей көп фильм түсіре қойған жоқ қой. Солай емес пе?*

**А.Ә:** – Жоқ, онда жылына екі-үш, ары кетсе төрт фильм түсіреді. Жалпы финанс енді орталықтан қаралатын. Анау Мәскеуден. Олар бізге не түсіретінін айтып отыратын.

**Ж.Е:** – *Мен жақында сіздің күнделік кітабыңызды оқыдым. Соның ішінде біраз қызық ойларыңыз бар,*

кейде қатты да айтып жібересіз, тәтті де айтып жібересіз. Соның ішінде: «кино қырғыздарға қонған зой бұлар бұзақылығымен киноға кіріп кетті. Біздің қазаққа қонбаған зой, жалқау халықпыз», - деп айтып қаласыз.

**А.Ә:** – Бір айтып жібергенім бар.

**Ж.Е:** – Айтуыңызға бір себеп болады зой енді.

**А.Ә:** – Қырғыздардың өздеріне тән ширақтау мінезі киноға келеді. Сондай бірнеше жігіттер болды. Мен Өкеевті де, Болат Шамшиевті де жақсы білемін. Бұлар сенімен жай әңгімелеспейді. «Иә, оған немене, сен не қалай қарайсың» деп өзіне октемдеу қарайды. Кезінде Мәскеуге орталыққа барғанда да шығып бір нәрселерді айтып, жұлқынып, «сіздер неге барасыздар, біз шетелге неге бармаймыз?» деген сұрақтарды сол Өкеевтер айтып жүретін. Біздер солай «қойшы осыны» деп қазақшалап отырғанда, олар қырғызшалап мінезбенен көрсететін. Ал, киноға мінез керек. Жалпы өнерге мінез керек. Жалпақшешейдікі ертең болады ғой. Өнерді бүгін болдыру керек, ертеңге қалдырмау керек.

**Ж.Е:** – Киноға аз өміріңізді арнаған жоқсыз. Шәкен Аймановтың «Атаманың ақыры» өлмес туынды зой деп ойлаймын. Қазіргі кезеңнің де көрермендері ынттығын көретін фильм. Болмаса кешегі «Қыз Жібектегі», өзіңіз сомдауыңызда Бекезжан, даланың нояны, рыцарі ұр да жық, қарадүрсін Бекезжан емес, ішінде көп нәрсе сапырылысын жатқан үлкен ұлы тұлғалы Бекезжанға айналды. Кинода актер ретінде бір көрініп алсаңыз, режиссер ретінде де талап қылып кордіңіз. Дәл кешегі қысылған, ел қиналып тұрған отпелі кезеңде өзіңіз бір киностудия ашып, талап жасадыңыз. Шоқан Уалихановтың төрт сериясын түсірдіңіз. Бұл оңай шаруа емес. Адам өзі біледі зой деп ойлаймын не тындырғанын.

**А.Ә:** – Әрине, енді менің негізі мамандығым – актер. Киноның болсын, театрдың болсын. Ол проффессиямды өзім жақсы көрем. Жамбасыма келген рөлдердермен жатпай-тұрмай, жар құлағым жастыққа тимей жұмыс жасаймын. Ондай мінез бар менде. Кейде режиссерлармен, тұрған операторлармен де таласып, «мынаны былай қой сен, мына жағынан кел. Әйтпесе мына сөз былай болу керек. Осы жерде Бекежанның мінезі былай болу керек»,- деп Сұлтанның талай қанын іштім. Бірақ Сұлтан өзі өте дарынды, адамгершілігі терең, философиялық көзбен қарайтын жігіт. Сол кешіріммен қарады. «Солай ма?»,-дейді көзін алартып. Соның өзі маған жетіп жатыр. Кейінгі кезде де маған ерік беріп, риза болып сөйтіп жүрген кездері де бар. Мен негізі өнерді оқуды бітіргеннен кейін кинодан бастадым. Кинода екі-үш жыл қызмет істеп барып, театрға келдім.

**Ж.Е:** – *«Бір ауданнан» басталды ма?*

**А.Ә:** – Жоқ, «Ботагөзден» басталды. Одан кейін «Асау ертіс жағасында», сосын барып «Бір ауданда». Негізінде, Менің тағдырым Шәкеңнің тағдырына келеді. Әуелі ол кісі театрдан бастап жүріп, театрдың өнерін меңгергеннен кейін барып, киноға келіп, талантты адам, дарынды адам тез меңгеріп кетті киноны да. Бірінші рет басқа бір орыстың режиссерімен бірігіп түсірді де, ары қарай өзі алып кетті. Сол кісі айтты бір күні, «театр ғой актерді өсіретін», –деп сүйі деді. Содан кейін мен ойландым. Театрға бардым. Шынында театр деген актердің лабораториясы екен. Күнделікті жұмыс, күнделікті репетиция. Осы кинода жасаған образдарымның қортындысы сол театрдың маған берген шеберлігі.

**Ж.Е:** – *Енді қазір заман өзгерді, қозқарас, талап өзгерді, мүмкіндік те өзгерді. «Кошпенділер» фильмін Голливудпен бірлесіп түсірдік. Бұл жақсылықтың белгісі ме?*

А.Ә: – Өте жақсылықтың белгісі. Мен бұны құптаймын. Басынан құптадым, қазір де құптаймын. Түсірілген фильмді де құптаймын. Өйткені осы фильм арқылы бүкіл әлем аз да болса қазақ халқын біледі. Қазақ халқының өте ұлы халық екенін, даланың даналары, батырлары шыққанын басқа ел біліп жатса, ол бізге қуаныш емес пе, мақтаныш емес пе. Бәленді бәлен ойнамады, түгенді түген ойнамады деп мен де солай айта аламын. Ал кино қызметкері ретінде бүкіл әлемге бұрынғы одақтан шыққан бірінші фильм деп есептеймін. Әйтеуір қазақ халқы деген халық бар екен, ол мынадай халық екен деп түсініп, бүкіл әлем көреді осыны. Мен сол жағынан ғана ризамын. Бұл енді Голливудтың фильмі ғой. Бұл біздің стильде түсірілген фильм емес. Сондықтан оны өзіміз басында рұқсат бергеннен кейін олардың да бізге қоятын талабы бар ғой. «Режиссер бізден болады, оператор бізден болады, үлкен рөлдерде мынадай-мынадай актерлер ойнайды деп осыған келіссеңіздер, біз келісеміз», – деп басында солай шарт қойған. Оны біз бұза алмаймыз. Өйткені





ойнап жүрген екі-үш актер жас та болса бүкіл әлемге танымал.

**Ж.Е:** – Әлемге таратудың әдіс амалы ғой бұл енді. «Көшпенділермен» өмір тоқтап қалмайды. Бұл алғашқы тұсау-кесері ғана. Сойтіп ауызданып, ішіне кіргеннен кейін біздің таза ұлттық фильмдерімізде сол Голливудтың босағасынан төріне шығып, әлемдік деңгейге шыға бастар. Бір фильммен бітіп, содан түйін жасап қояға болмайды ғой.

**А.Ә:** – Қазір бір немістің үлкен режиссері келіп «Ұлжан» деп аталатын біздің материалды түсіріп жатыр. Ол бізге пайда ғой. Жарты ақшасы өздерінен, жарты ақшасы бізден болады. Жалпы тарта беру керек. Кино дегенді жалғыз қазақ көрермендері көрмейді. Мысалы «Қыз Жібекті» түсіріп жүргенде біз енді Бекежанды жаңағындай алған себебіміз, жалғыз қазақ халқына ұнау ғана емес, бүкіл әлемге қазақтың кім екенін көрсету, қазақтың рыцарларының бір-біріменен қарым-қатынасы, сайысы, айтысы, махаббаты әлемдік болсын дедік.

**Ж.Е:** – Асеке, бұрынғыдай емес, шекаралар ашылды, батыс әлемінде қандай кинолардың түсіріліп жатқандығын күнбе-күн көретін болдық. Салыстыруға мүмкіндік алдық. Осы біздің қазақ кино өнерінде солардың деңгейінде ойнай алатын актерлар бар ма? Сіздің көзіңізбен қарасақ.

**А.Ә:** – Бар. Қазақ театрларының актерлары мықты. Олармен жұмыс істей білетін режиссерлар болса, өте икемді, илеуге келеді. Мектебі дайын. Негізі бар.

**Ж.Е:** – Енді режиссер деген де бізде бар емес пе, жаңа қазақ киносы деген термин пайда болды. Жас, жсалынды қазақтың жігіттері шықты ғой біраз. Талай фестивальдерде жүлде әкеп жатыр.

**А.Ә:** – Солар осы үлкен актерлармен жұмыс істей алмайды. Көшеден алады, кездейсоқ, тракторист керек болатын болса натуральный трактористті алады. Бұл өнерге кішкене қиянат. Жас режиссерлар театрдың актерларын алуға онша құштар емес. Құлықсыз. Білмеймін, контакт жоқ. Шеттен, Қырғыздан шақырады. Буряттан шақырады.

**Ж.Е:** – *Қазір енді халықтың арасында батыстың атыс-шабыс фильмдері көп айтылады. Енді Голливудтің фильмдері ғой айтылатын. Осында дегенмен бір шындық та бар сияқты. Мысалы кешегі кеңес кезіндегі түсірілген фильмдер. Орыстар түсірсін, қазақтар түсірсін, қырғыздар түсірсін, тәжіктер түсірсін соларда бір адамгершілікке қарай икемделетін, пәзік бір адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа құрылған, жүрекке, жанға жылы фильмдер сияқты болып көрінеді маған.*

**А.Ә:** – Ол кездегі стиль сол еді. Орыстарда болсын, біздерде болсын жалпы одақтас басқа республикаларда болсын, негізгі шедеврлер сол одақтың кезінде туған. Қазір, шетке еліктеушілік көбейді де, басқа бір қырынан кетіп қалды.

**Ж.Е:** – *Қатігездік бар фильмдер тобы.*

**А.Ә:** – Өнерден шеттеңкіреп, алыстаңқырап, өмірге таянтып, өмірде өлтіретін болса өлтіреді, тамақ ішіп отырса тамақ ішеді, өнер жоқ бұл жерде. Бұл фильмдер өнерден алшақ.

**Ж.Е:** – *Жабайы реализм.*


**А.Ә:** – Жабайы реализм. Ал мұнда бұрынғыдай адамгершілік, қарым-қатынас жоқ. Шындық. Сондай стильге түсіріледі.



*Ж.Е – Шынайы сезімдер бейнеленетін сияқты еді. Ондай фильмдер адамды да жақсылыққа итермелеп, тәрбиелейтін.*

**А.Ә:** – Оған шет елдің үлкен шеберлері де кейде қызығып, кейде танданып қарайтын. Соны соза беру керек еді. «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» психологиялық детектив. Осындай шындыққа құрылған нәрселер мәнді еді. Өнер, әсіресе, кино өнері ұлттық болу керек, содан кейін барып көпұлттық жасаймыз.

**Ж.Е:** – *Ұлттық сипатын бұзбай келе жатқан өнер – театр өнері деп ойлаймын, Асеке. Қазір енді театрдың көрермені азайған шығар. Анау 60-70 жылдар сияқты сіздерді көреміз деп ауылдан аңсап келетін, сабағын тастап баратын студенттер азайған шығар. Бірақ қалай болғанда біздің мынау Әуезов те-атры, Мүсірепов театры, болмаса, облыстағы театрлардың қай-қайсысы бол-*



*масын, бойында ұлттық қаны бар спектаклдермен өмір сүріп келе жатқан сияқты болып көрінеді әлде де.*

**А.Ә:** – Театр енді бұл халықтың нағыз бүгінгі жағдайы ғой, жалпы жан-жақты бүгінгі күннің өсуі, актерлардың өсуі. Классикалық материалдарға шетелдің драматургиясына, бәріне баратын, халыққа жеткізетін бірден-бір ол – театр. Театр өнері – нағыз өнер деп есептеймін. Бұл өмірбақи өлмейтін өнер ғой. Өмірбақи халықтың бетін көрсететін, халықтың мінез-құлқын, мәдениетін көп елге тарататын театр.

**Ж.Е:** – *Асеке, біздің қазақ сахнасында шын мәнінде ұлы-ұлы актерлар болды ғой, Ә?*

**А.Ә:** – Әрине, әрине. Ұлы деңгейдегі, бүкіл әлемдік деңгейдегі әртістер болды.

**Ж.Е:** – *Керемет. Кешегі өзіңіздің досыңыз Әнуарға дейін. Сабира апамыздан бастап.*

**А.Ә:** – Әнуар, анау Есболған деген жігіттер. Ыдырыс пен Нұрмұқан. Кешегі Сәбира апай. Бикен апайлар. Сахнаға шыға келеді олар шыққанда, өмір шығады, өнер шығады.

**Ж.Е:** – *Сіздің мына күнделік жазғаныңыз жақсы үрдіс пе деп ойладым. Өйткені ішінде әр кезде кісінің басына келген ойлар, әсерлер қағазға түсіп жатады екен. Сол күнделіктеріңізді оқи отырып мен кейде мынадай ойға оралам, сіз жалғызсырап жүрген сияқты көрінесіз. Баяғы иық теңестіретін ірі тұлғалардың бәрі кетіп қалып, Асекең қазақ жерінде кішкене жалғыздау, оңашалау болып көрінеді.*

**А.Ә:** – Жалғызсырап жүргенім ол рас. Екі жылдың

ішінде бес-алты менің партнерларым кетіп қалды. Оны жаздым. Сосын мен бір-екі спектаклден бас тарттым. Әнуар жоқ мен енді ойнамай-ақ қояйын деп. Қасымдағы ойнап жүрген адамдармен бір спектакльде ойнап қалып зорға шыққан кезім болған. Тамаққа тұрып қалып, сөзді айта алмай, қиналып зорға шықтым. Әнуардың кеткеніне бір аптадай уақыт болып еді. Соның жүрген-тұрғаны, маған айтқаны бәрі көз алдыма келеді де тастап кеттім. Сондай кездер болды өмірде. Сосын өзіміздің өмірде, үйдегі өмірде сондай бір қабат келіп қалды да.

**Ж.Е:** – *Достарыңыз кім сіздің осы, шын сыйласатын, шын араласатын?*

**А.Ә:** – Достарым – сырттан, жазушылардың арасынан, журналистер, врачтар, суретшілер, осылармен араласып жүргенім мені толыққанды, жан-жақты адам ретінде тәрбиелейді. Тәрбиенің өзін өл-өлгенше алуға болады. Мен алпыс-жетпіске келіп біреуді тәрбиелеуім керек деген қателік. Маған әлі тәрбие керек.

**Ж.Е:** – *Жалпы өнердің адамына арқадап қаққан көмек те керек қой. Сіз қанша атағыңыз жер жарған актер болғанмен, тұрмыста да көмек керек. Мысалы сіздің деңгейіңіздегі Голливудтің актері болса бәленбай миллион долларды қалтасына басқан бай бол кетер еді. Бізде ондай жағдай жоқ қой енді.*

**А.Ә:** – Менің байлығым менің інілерім, менің достарым. Менің байлығым- жинап-терген абыройым. Сен дұрыс еңбек етсең, сапалы еңбек етсең бәрі саған келеді. Үй де келеді. Мен жақында мешіт салдым. Негізі өзімнің маңдайтеріммен. бірақ достарым біреуі ананы әкеліп жатыр, біреуі мынаны әкеліп жатыр. Асеке деп айтқан сөзіңді орындап, уақытыңда келіп жатқаны. Соның бәрі адамның жүрегіне жылы. Кей-

де өзінді өзің тексеріп, «мен осы қалай екенмін дегенде», өз бағанды осылай білесің.

**Ж.Е:** – *Ғұмырды ұзартатын да осындай қатынастар болу керек. Мешітіңізді көрдік, ашылғанда бардық. Сіздің ауылыңыз да біздің ауыл сияқты шаң басқан ауыл екен. Топырағы көп, желі тоқтамайтын. Бірақ адамдары қандай жақсы. Қандай ықылас.*

**А.Ә:** – Бірақ маған сол шаң майдай жағады. Топырағы да, желі де, құрғақшылығы да, суы да маған майдай жағады. Қазақтың әйелдері үйдің алтын діңгегі. Менің осы дәрежеге жетуіме Майраның үлкен көмегі болды. Өзінің жұмысын ығыстырып тастап, маған тек жұмыс істе, басқаға алаңдама деуші еді Балалардың да тәрбиесі, үйдің де жұмысы. Мен ештеңені білмей өстім. Тек қана театр, кино бітті. Сондықтан да сенің өміріңді ұзартатын да, атақ-абырой әкелетін де міне осы әйел. Соның бір ұшқыны Бағдатта бар. Ұқсайды Майраға. Мен оған жақсы көзқараспен қараймын.

**Ж.Е:** – *Қазір, Асеке, абыройдың биігіне шығып тұрсыз. Жас та біраз жерге келіп қалды. Халықтың махаббаты бар, қолдауы бар. Мемлекеттің де қамқорлығына зәру емессіз. Үйде де бап бар. Енді денсаулықты қайдан білейін, ептеп сыр беріп қалатын шығар анда-санда. Көз ауырды, аяқ ауырды дейсіз.*

**А.Ә:** – Жетпіс келе жатыр ғой алда. Баяғыда ауылдағы жетпістегі шалдар еңкейіп, сары тонын киіп алып, көрмей, «әй қай баласың» деп жүруші еді. Енді қазір заманның, уақыттың жақсылығы ма? Аздап әрине тізе сырқырайды, көз бұлдырайды. Соның бәрін жөндеп тұру керек уақытында.

**Ж.Е:** – *Көз бұлдырағанмен, бильярдтан тағы бір жерде чемпион болдыңыз, шахмат ойнайсыз.*

**А.Ә:** – Шахмат деген менімен оле-өлгенше кететін нәрсе. Бильярдты шама келгенше.

**Ж.Е:** – *Қадағалап сұрап тұрғаным, жетпіс деген қалай екен, жұмыс істеуге мүмкіндік бере ме екен дегенім ғой.*

**А.Ә:** – Жетпіс жақсы жас екен. Барлық жағдай болған кезде. Қазір сахнада да рөл ойнауға шамам бар, енді кинода жамбасқа келетін рөлдер келмей жатыр. Анау-мынау, жеңіл-желпіге бармай жатырмын. Енді халықтың алдында не деймін? Жүгіріп анау-мынау нәрселерді жасап жүрсем экранда ұят қой.

**Ж.Е:** – *Сіздің бір жасап жүрген үлкен шаруаңыз, Асеке, мына «Шәкен жұлдыздары» деген фестиваль сияқты көрінеді. Шәкен туыстық жағынан ғана емес, қазақ оперіндегі үлкен тұлға ғой. Соны есте қалдыру бір жағынан, екінші қазақ кино оперін дамытуға осы фестивальдің ықпалы болатын секілді боп көрінеді.*

**А.Ә:** – Фестиваль бұл өзі аналогы жоқ әлемде. Өнер академиясының дипломдық жұмыстары, содан кейін дебют деген болады. Солардың конкурсын жасап жатырмыз. Қазір енді бастадық, екі жүз, үш жүз дипломдық жұмыс дебюттер түсіп жатыр. Өте керемет жастардың жасағаны. Қысқа метражды фильмдері. Кеше қарап отырсам, көп нәрсеге мен таң қалдым. Жастар неше түрлі адамның ойына келмейтін заттарды түсірген. Соған қуанамын. Сол жастарға бағыт-бағдар сілтеп жіберу керек. Сол жағынан бұл фестивальдің рөлі үлкен болайын деп тұр.

**Ж.Е:** – *Жақсы кезеңде өмір сүріп жатырмыз қазір. Еркіндікпен, тәуелсіздікпен бірге еңсемізді көтердік, ойға келген жұмысты, шығармашылық жұмыстарды атқаратын едәуір мол мүмкіндіктер пайда болды. Осы кезеңде Асеке, Алла ұзақ ғұмыр берсін, әлі талай аңсар, ар-*

*ман ойда жоспарлар бар емес пе? Соларды жүзеге асыруға, соңыңыздан ерген іні-қарындастарыңыздың көшіні бастап қазақ өнерін өрге сүйрей беруге Алла мүмкіндік берсін деген жақсы тілектермен осы кездесуді аяқтағым келеді.*

**А.Ә:** – Рахмет. Өздеріңе де жаңа бастап жатқан жұмыстарыңа жеміс тілеймін.



# Өмірзақ СӘРСЕНОВ ПЕН сұхбат



## ӨМІРБАЯН

1942 жылы туған.

1972 жылы Қарағандының кооператив институтын бітірген.

1985 жылы Қазақстан тұтынушылар қоғамының төрағасы.

Сол жылы КазКСР жоғарғы кеңесінің, 1989 жылы КСРО Халық депутаты болып сайланған.

Қазіргі кезде Республикалық «Отап» партиясы саяси бюросының мүшесі. Белгілі қоғам қайраткері, бес баланың әкесі.

Жүрсін Ерман: – Армысыздар! Коктобенің басында кездесіп, бір-біріне сырын айту, шынын айту бұл жапондардың үрдісі. Қазіргі заманымыздың ең белгілі жазушыларының бірі Харуки Муракамидің «Хроники заводной птицы» деген романында бас кейіпкер тіпті тауға шыққанның өзін қойып, тал түсте шыңырау құдыққа түсіп отырып шындықты іздейді. Жапондар сияқты көзіміз қысық, сөзіміз нысық, қазақтар тауға шығарсаңыз да, айға апарып алқымынан алсаңыз да ақиқатын айта қояды деу қиын. Бірақ, ақиқатты айтатын кезеңдер болады, бүгін Коктобенің басына шығарып, кеңескелі тұрған біздің мейманымыз – Өмірзақ СӘРСЕНОВ.

Ж.Е.: – Өмеке, кешегі Коммунистік партияға мүше болдыңыз ба?

Ө.С.: – Болдым.

Ж.Е.: – Сол кешегі мызғымыстай боп көрінген Коммунистік партия да тарқады, талай өзгерістерді бастап кешіріп жатырмыз. Осы отіп жатқан өзгерістердің ішінде бір ағаттықтар да кетіп жатқан шығар. Қоғамды қайта құру, мемлекетті қайта жасау, ұлтты қайта тәрбиелеу оңай шаруа емес қой. Өмеке, өзіңіз көп жыл сауда саласында, оның нақ ішінде, тұтынушылар одағында көп жұмыс істедіңіз. Анау төменнен бастап Республикалық тұтынушылар қоғамын басқардыңыз. Кешегі кеңестің кезінде үш меншік болды ғой: мемлекеттік меншік, ұжымдық меншік, жеке меншік. Осы меншіктерді тарату, қайтадан бөліс кезінде кеткен ағаттықтар да бар сияқты болып көрінеді. Мысалы, өзіңіз басқарып отырған сол кооперация меншігін таратып жіберу, қаншалықты қажет болды? Қажет пе еді осы?

**Ө.С.:** – Ол енді бүгінгі деңгейден қарайтын болсақ, кезінде сол Конституция мен кеңестік меншікті жоғалтып жібергенде осы дұрыс болмады-ау дегендердің бірі мен болатынмын. Бірақ, бүгін жеткен экономикалық жетістіктерге қарап отырып, мен әріптестеріммен көп әңгімелестім, қазіргі күнге дейін кездесіп тұрамыз, сол шешімнің дұрыс екендігіне көзім жетті. Себебі, ол кезде тұтынушылар одағы Кеңес үкіметі тұсындағы үлкен мекеме болатын. Үкіметтік мекеме емес, өзінің меншігімен. Бұл мекемені ол кезде «Кіші Үкімет үйі» деп атайтын. Тек қана сауда емес, өндірісі, құрылысы бар түрлі сала бойынша мекеме ғой енді. Егер коллективтік форма меншікті сақтап қалған кезде, бізде экономикалық реформалардың шұғыл жүруіне жылдам өріс алуымызға ол мекеме тежеу болатын еді. Себебі, алдыменен үкіметті жекешелендіріп алып, одан кейін барып ол кезде өкімет дүниесін анау мекемелер көбісін сатып алып, ол өзінше бір үкімет болып жатқан кезде оны қайтадан жекешелендіріп жатуға көп уақыт кетер еді. Сондықтан бұл жалпы біздің еліміздегі экономикалық реформа. Мен басқарған мекемені, кооперацияны қосқанның өзінде экономикалық реформа жаңағы поляктардың шошытып емдеу тәсілі деген шықты ғой өзі, «шоковая терапия» деген, сол жолмен жүргеніміз бұл өте дұрыс болған.

**Ж.Е.:** – *Ал енді тарату дұрыс болса қазір неге қайтадан ұжымдық құрылып жатыр? Меншікті иелену, шаруашылықты ұжымдық тәсіл арқылы жүргізу жүріп жатқанын мойындайсыз ғой.*

**Ө.С.:** – Жүріп жатыр, бірақ ол коллективтік меншік емес қой, жеке меншіктердің өздерінің бірігіп күн көруі. Өзінің меншігімен келеді әрқайсысы, өзінің пайымен, сосын ауданда, облыста, республикада қоятын мәселелерді жеке адам шапқылағаннан өзінің біріккен ортасынан бір адам барып

шешіп келіп отырады, ары да бері шапқыламай. Ауылдық жерлерде негізі тұрмысы қалалы жерге қарағанда шамалы адамдар, сондықтан ол бірігу оңтайлы тәсіл, бірақ жеке меншіктің негізінде.

**Ж.Е.:** – *Өмеке, қозамда мемлекетті қайта құру, реформалау процесі жүріп жатыр. Құқықтық конституциялық реформа жасау, саяси реформа, экономикалық реформаның біраз сатыларынан өтіп келе жатқан сияқтымыз. Осы өзгерістерге көз қарасыңыз қалай?*

**Ө.С.:** – Енді бұл болған факті ғой. Бұрын барлығымыз бірдей болдық, барлық жағынан меншік жағынан да, тең болдық. Жалпы қазақта мақал бар ғой, бес саусақ бірдей емес деген. Бірақ, соны теңестіргіміз келді, бесеуін бірдей қылғымыз келді. Ол теңеспеді. Бас бармақ өз орнында, ортаңғы саусақ өз орнында, шынашақ өз орнында қалды.

